

Сценарий

Аружан көшеде телефон көріп келе жатады.

Аружан Аружан деген дауыстар.

Аружан:

-Тағы сол дауыс... Соңғы кездері жиі еститін болдым... Түсімде де, өңімде де... Біреу шақырып жатқан сияқты бірақ кім? неге? не үшін? Біртүрлі сезім...Қарап тұрсам-адамдардың бәрі бір жаққа асығып барады. Ал мен ше? Жәй жүріп келем... Қайда бара жатқаным да белгісіз. Басқаларда бәрі бар сияқты... Әдемі өмір...Жарқын күндер...Бренд киімдер...Қымбат сыйлықтар... Махаббат...Бақыт...Ал менде.....

Аружан есікті ашып, үйге кіріп келеді.

Анасы мен әкесі видеоқоңырау мен сөйлесіп отырып, көршінің қызы мақтайды.

Анасы:

-Көршінің қызы грантка оқуға

-Көршінің қызы грантқа оқуға түсіпті, жақында шетелге кетеді екен.

Оны естіген Аружан:

-Міне тағы да. Барлығы оны жақсы көреді. Сен баршаға үлгісің. Ал мен ше? Менің не істеп жүргенімді ешкім де білмейді. Мен-жай ғана қарапайым қызбын. Көше бойы телефон қарап үйіне келіп блогерлерді бақылайтын, кешке көз жасына булығып өзіне көңілі толмай ұйықтайтын қызбын.

Ертесіне Аружан таңғы ас ішкелі жатып бір блогердің таңғы асын көріп:

-Тағы да сол қыз. Қарашы... Смузи, авокадо, брокколи. Ал менде ше? Жәй ботқа мен нан. Неге менде ештеңе ерекше емес? Тіпті таңғы ас та ұсқынсыз сияқты. Жегім келмейді.

Шкафының алдына барып, киімдерін қарап жатып:

-Мынау... былтырғы, мынау қысқа. мынау вообще маған жарас-

қысқа,мынау вообще маған жараспайды.Қалай бәрі әдемі киініп жүр? Ана блогерлер сияқты көйлегімде жоқ.Бренд? Менде жоқ ондай.

Кейін бір блогершаның макияжын қайталап көрмек болады.Бірақ ойындағындай шықпай түр әлпетіне қарап жылай бастайды:

-Не менде блогерлердікі секілді қымбат косметикада жоқ,тіпті дұрыстап макияжда жасай алмаймын.Бір тырысып көрейін деген едім не түр мынау неге ұсқынсызбын мына қыз сондай әдемі ғой.Мына қасым.... Көзім кішкентай ма? Неге мен осылай болып туылдым олардан қай жерім кем?

Таң атты Аружан тіпті күннің сәулесіненде қашып:

-Тағы бір таң.Тағы да ояну.Әлем өзгеріп жатқандай,ал мен сол күйі... Тұрғым келмейді.Тіпті түсіп тұрған күн сәулесіде ұнамайды.Бүгін де - кешегі күн сияқты өтетін шығар.Бар жұбанышым осы күнделігім ғана

жұбанышым осы күнделігім ғана барлық ойымды осында жазамын.

-Деп паркке қарай жолға шығады.Күнделігін ашып ішіндегісін жазып отырғанда бір оқиғаға тап болады.

Блогерша:

-Достар бұл менің таңғы рутинам Aqua Burabaу таңғы медитация,таңғы табиғат пен тілдесу.

-Деп айтып болып камера өшкенде қара суды лақтырып жіберіп,газированный Мохито алып қасындағы ассистентіне қарап ұрсады:

-Ұсташы мынаны.Бүгінгі жоспар қандай?Кешегі тапсырмаларды не үшін орындамайсың? Мен саған сол үшін айлық төлеп отырмын ба? Мыналардан да шаршап кеттік кой таңғы медитация? Өзім таңертең әрең тұрып жүрмін.

Аружан осы сәтті көріп:

-Ол да мен сияқты... Түрін, өмірін бояп көрсетіп жүр. Мінсіз боп көріну

үшін барын салып жүр. Бірақ шынайысы... басқаша. Ол ба бақытты емес шығар... Бәлкім, бәріміз осылай жүрген шығармыз... Өзімізді бір-бірімізбен салыстырып... Бақытты болуға емес -бақытты болып көрінуге тырысып... Мүмкін өз өмірімді қабылдау керек шығар... Қарапайым болсам да-бұл менің өмірім. Және ол маған

-Осы сәттен бастап Аружанның өмірі өзгеріп, өзінің өмірінің керемет сәттерін сүреді. Және ең бастысы өзін қалай бар солай қабылдап үйренеді:

-Мен ұзақ уақыт бойы басқалардың өміріне қарап, өзімді төмен сезініп келдім. Біреу бай, біреу сұлу, біреу танымал — бәрі менде жоқтай, бәрі меннен жақсыдай көрінді.

Бірақ сол бір сәт... мен паркте көрген көрініс — бәрін өзгертіп жіберді.

Блогер... иә, сол мінсіз көрінетін қыз.

Шынайы өмірде ол мүлде басқа еді.

Күліп тұрған жүзі камераға арналған.

Ар жағында — өтірік. Сол кезде мен

Ар жағында –өтірік. Сол кезде мен түсіндім.

Әдемі таңғы ас, мінсіз фигура, бренд киімдер — бұлардың бәрі тек кадр үшін ғана.

Ал мен ше? Мен өзімнің өмірімді босқа жек көріппін. Отбасымды, үйімді, достарымды тіпті өзімді де...

Енді мен ешкімге ұқсауға тырыспаймын. Себебі менің өмірім — менікі. Мен өз өмірімнің продюсерімін. Енді мен өзімді басқамен салыстырмаймын. Себебі өзімді өзімдей қабылдауды үйрендім.